

«Заманнын кожасы да, туткасы да – жастар!». 1921 жылы «Жас Алаш» газетінің алғашқы нөмірі осы ұранмен жарыққа шықты. Тарих бетінде «Жас Алаш» көтерген үндеу алтын әріппен жазылды. Ел жастарының жанында жатталып қалды. Осы басылымда Гани Мұратбаев тұңғыш редакторлық қызмет атқарған еді. Жалпы, Гани туралы айтылатын, жазылатын дүние көп. Тым қысқа құрамында тындырымды тірлік жасап-кеткені ақиқат.



Ел ерін ұмытпайды. Керісінше, қыршын кеткен ұлын ұлықтайды. 2016 жылы Қазалы ауданы әкімдігі Гани Мұратбаев атындағы жастар сыйлығын тағайындаған еді. Алғашқы жылы облыстық, кейіннен республикалық деңгейде ұйымдас-тырылды. Бұл шараның негізгі мақсаты – Гани есімін жанғырту. Оның ізбасарларын елге таныту.

Апта басында «Гани жастар сыйлығының» жеңімпаздары анықталды. Байқауға қатысуға республиканың түкпір-түкпірінен 70-тен аса отініш түскен. Арнайы комиссия алқасымен тек 30 талапкердің еңбегі жоғары баға иеленіп, жеңімпаз деп танылды.

Алдымен байқауда бәйгелі бол-ған жастар казыналы Казалы ауданынын тарихына каныкты. Одан әрі Гани Мұратбаев білім алған мектеп қабыр-гасында болды. Айта кететін жайт, Сырдын данқты перзенті оқыған білім ордасы әлі күнге сақ-таулы тұр. Жәнімпаз жастар бұдан әрі Гани Мұратбаев атындағы музейдің жұмысымен танысты. Мұнда «Шығыс- жұлдызынын» тұтыңған бұйымдары, озі отырған парта бар.

– Гани Мұратбаев 4 жасында әкесін-ен, 9 жасында анасынан айы-рылған. Әкесінің інісі Салықбай Ганиды- қамқорлығына алып, Ташкент қала-сына оқуға жібереді. Сөйтіп, Таш-кент-те қазақ-қырғыз педагогикалық училич-есінде білім алады. Онда ол қазақ-қырғыз жастары арасында белсен-ділігімен көзге түскен. Деректерге сүйенсек, «Тұран» деп аталатын кинотеатрдың алдында Гани суыры-лып шығып «Біз жастар, алға қарай жүруіміз қажет» деп үндеу тастаға-н екен. Одан бөлек, жерлесі-міз жетім балалардың қамқоршысы болған, - дейді музей-дің ғылыми қыз-мет-кері Әлібек Сера-лиев.

Бұдан әрі жалынды жастар айбоз ұлдың атындағы ауылға барып, Гани ескерткішіне гүл шоқтарын қойып тағзым етті. Сондағы саяба-ққа қошет отырғызды.

– Биыл Гани Мұратбаевтың туганына 117 жыл толып отыр. Әйтсе де, біз үшін ол кісі әлі тірі, жап-жас күйінде елес-тейді. Жиырма үш жыл гана өмір сүріп, жағанға-н танылған тұлғаға айнал-ған онын ісі мәңгілік жасай-тыны сөзсіз. Ганидың өмір жолдарына көз жүгіртсен, білімге күштарлық, әділ-дік, табандылық, ұйымдастырушылық, үздеге беріктік, саяси тұрақ-тылық, шешендік, адамдармен ортақ тіл табысу, жалған үзде бермеу, әлсіз-дерге қамқорлық, бастаған істі аяғына жеткізу, болашақты болжау сияқты тағылым аларлық қасиеттер бойында тұнып тұрганына көз жеткізесін. Бір басында осындай мінез бен қасиет тоғысқан асыл азаматтын өнегесін ұрпаққа үлгі ету міндет десек- те, парыз десек те жарасады. Ал Гани ісін жалғастыра білу – бүгінгі ұрпақтың міндеті. Мына заманда «Өнердің кілтін тапқан гана өрге шабады». Сендер-, тәуелсіз Қазақстанның келешегі-н үшін тарихи жауапкерші-лік арқалайтын азаматсындар. Осы жауапкершілікті сезіне білулерін керек. - Тұлпар дүлдүлдігімен, адам біл-гірлігімен озады. Беталысы күнде өзгерген алмағайып дүниеде адамзат үшін ешқашан өзгермеген, өзгермейтін темірқазықтар бар. Ол – білім! Ол – еңбек! - деді Казалы ауданы әкімінің орынбасары Әлімжан Жарылқаганов марапаттау рәсімінде.

Мұнан кейін Қызылорда облыстық ішкі саясат басқармасының басшы-сы Талғат Маханов, аудандық мәслихат хатшысы Күнтілес Назымбеко-в жүзден жүйрік шыққан

женімпаздар-ға «Гани Мұратбаев» атындағы республикалық жастар сыйлығының дипломын, тосбелгісін және естелік сыйлықтар табыстады. Сыйлық иегерлерінің қатарында «Қазақстан» ұлттық телеарнасындағы «Мәселе» бағдарламасының жүргізушісі Нартай- Аралбайұлы, бокс-тан әлем чемпионатының күміс жүлдегері Камшыбек Қонқабаев, қазалылық талан-тты ақын Ақжол Түменбай секілді дарынды жастар бар.

## **Халық-хабар**

---

**Нұралы □ Арыстан,**

**Қостанай педагогикалық колледжінің «Қазақ тілі мен әдебиет» пәнінің оқытушысы:**

– Жалынды жас «Гани Мұратбаев атындағы сыйлықтың» иегері атану зор жауап-кершілік жүк-тейді. Ең алдым-ен кеудеге тағыл-ған тосбел-гі-нің салмағын сезіну қажет. Бүгін жетістікке жеткен жастардың қай-қайсысы да өз салал-арында оза шап-қан талантты ұл-қыздар. Кешелі бері қазыналы Қазалы ауданының тари-хы-мен таныстық. Мұнда атағы алты Алашқа жайылған Жалаң-тос баһадүр мен Жанқожа батыр дүниеге келуінің өзі тегін дүние емес. Сондықтан осы өмірдің өсіп-өркендеуіне тілектеспін!

**Замира Калымбетова,**

**Алматы облыстық «Жастар ресурстық орталығы» КММ Талғар ауданының «Жастар ресурстық орталығы» жетекшісі:**

– Қасиетті Қазалы топырағына табаным тиіп, елдің тыныс-тірші-лігімен таныстым. Аузы дуалы билер мен талай батыр--баһадүрлер дүниеге келген онірге келгенім үшін өзімді бақыт-тымын деп есептеймін. Соным-ен қатар «Гани Мұрат-баев атындағы сыйлықты» иелену – мен үшін үлкен мәртебе. Бұл сыйлық қазақ жастарын ынталан-дырады деп сенемін. Жөнімпаз атанған барша замандастарды шын жүректен құттықтаймын.

**Азат Жаманқұл,**

**Жамбыл облысы әкімдігі білім басқармасының «Тараз теміржол көлік және коммуникация» КМҚК «Арнайы пән оқытушысы»:**

– Аз ғана ғұмы-рында қазақ жастарының болашағы үшін тер төккен Гани Мұратбаев ел есінде мәңгі сақталары анық. Осы мақ-сатта ұйым-дас-тырылған байқау-да топ жару – біз үшін үлкен мәртебе. Бұл сыйлық ел жас-тары-н ынталандырып, алға жылжуын-а сеп болары сөзсіз.